

Жүз он бірінші тарау — Мол сыйға ие болу

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғанымға қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Мол сыйға ие болу» деген тақырыпты қарастырамыз.

Кейбір адамдар бар күшін осы дүниедегі өмірге ғана жұмсайтын сияқты. Олар келесі өмір туралы аз ойлайды, тіпті мүлде ойламауы да мүмкін. Осы өмірде белгілі бір сыйға ие болу үшін аянбай еңбек етеді. Бірақ бұл өмірдің келесі өмірге дайындық екенін ұмытып кетеді. Сондықтан біз келесі өмірге ерекше мән беруіміз керек. Өйткені осы өмір бізге соған дайындалу үшін берілді. Иса келесі өмір туралы жиі айтқан. Шәкірттеріне берген соңғы тәлімдерінің бірінде Ол келесі өмірде мол сыйға қалай ие болуға болатыны туралы астарлы әңгіме айтты. Бұл әңгіме Матай жазған Ізгі хабардың 25:14–30-аяттарында жазылған:

«Бұл жайт сапарға шықпақ болған бір кісінің әрекетіне ұқсас: ол кетер алдында қол астындағы қызметшілерін шақырып алып, оларға меншікті қаражатын аманаттап тапсырады: әрқайсысына қабілетіне қарай, біреуіне бес, келесісіне екі, тағы біреуіне бір ат басындай күміс береді. Содан кейін сапарына аттаныпты. Бес ат басындай күміс алған қызметші онысын дереу айналымға жіберіп, содан қосымша тағы бесеуін табады. Екі ат басындай күміс алғаны да дәл солай істеп, қосымша тағы екеуін табады. Ал бір ат басындай күміс алғаны қожайынының қаржысын бір жерге апарып, көміп тастайды. Арада көп уақыт өткеннен кейін қызметшілердің қожайыны қайтып келіп, олардың есеп берулерін талап етеді. Бес ат басындай күміс алған қызметші тағы да бесеуін әкеліп тұрып, былай дейді:

— Мырзам, сіз маған бес ат басындай күміс беріп едіңіз. Міне, солардан тағы бесеу пайда түсірдім. — Қожайыны оны мақтап: — Жарайсың, жақсы да адал қызметшім! Шағын істе сенімді болдың, сені үлкен істердің басына қоямын. Енді қуанышты тойыма кел! — дейді. Екі ат басындай күміс алғаны да келіп: — Мырзам, сіз маған екі ат басындай күміс беріп едіңіз. Міне, солардан тағы екеу пайда түсірдім, — деп есеп береді. Қожайыны оған да: — Жарайсың, жақсы да адал қызметшім! Шағын істе сенімді болдың, сені үлкен істердің басына қоямын. Енді қуанышты тойыма кел! — дейді.

Ал бір ат басындай күміс алғаны келіп: — Мырзам, сіздің қатал адам екеніңізді білдім. Өзіңіз екпеген жерден орып, шашпаған жерден жинайсыз.

Сондықтан қорқып, күмісіңізді жерге көміп тастаған едім. Мінеки, соныңыз, — дейді. Қожайыны оған былай дейді: — Әй, зұлым да жалқау қызметші! Менің екпеген жерден орып, шашпаған жерден жинайтынымды білдің ғой! Сол үшін де күмісімді саудагерлерге қарызға беруің керек болатын. Сонда мен қайтып келгенде өзімдікін өсімімен қайтарып алатын едім. Ендеше одан күмісін алып, он ат басындай күмісі барға беріңдер! Себебі кімде бар болса, соған тағы беріліп, молая түседі. Ал кімде жоқ болса, оның өзімде бар дегені де одан алынып қойылады. Енді мына түкке тұрғысыз қызметшіні сыртқа, қара түнекке лақтырып тастаңдар! Сонда ол зар еңіреп жылап, қинала тістенетін болады».

Осы астарлы әңгімеде Жаратқан Иеміз қызметшілердің мол сыйға ие болуына себеп болған бірнеше ҚАСИЕТТІ көрсетеді. ҚАБІЛЕТ сыйдың қандай болатынын анықтайды. Қызметшілердің қожайыны сапарға шығып, алысқа кетпек болды. Оның қараусыз қалдыруға болмайтын меншігі бар еді. Сондықтан ол қызметшілерін шақырып алып, өзі жоқ кезде мүлкіне қарауды тапсырды. Иса қожайынның әр қызметшіге қабілетіне қарай қаражат бергенін айтты. Демек, ол бәріне бірдей мөлшерде берген жоқ. Қабілеті жоғары қызметшіге бес ат басындай күміс берді. Қабілеті одан төменірек болғанына екі ат басындай, ал қабілеті аздау қызметшіге бір ат басындай күміс тапсырды. Осылайша әрқайсысына қабілетіне қарай берді.

Бұл бізге өз қабілеттерімізді танып-білу керектігін көрсетеді. Кейде қабілетімізді жетілдіруге болады. Сондықтан сізді өз бойыңыздағы қабілеттерді анықтап, оларды одан әрі дамытуға шақырамын.

ЫЖДАҒАТТЫЛЫҚ сыйдың мөлшерін анықтайды. Иса қожайынның ұзақ уақыт бойы сапарда болғанын айтты. Бірақ арада көп уақыт өткеннен кейін ол қайтып келді. Ұзақ уақыт үйінде болмағандықтан, қызметшілерінің тапсырманы қалай орындағанын білгісі келді. Сондықтан оларды шақырып алып, есеп берулерін талап етті. Әр қызметші қожайыны тапсырған қаражатты қалай пайдаланғанын айтуға тиіс болды.

Қабілеті жоғары болғандықтан бес ат басындай күміс алған қызметші келіп: «Мырзам, сіз маған бес ат басындай күміс беріп едіңіз. Міне, солардан тағы бесеу пайда түсірдім», — деді. Екі ат басындай күміс алған қызметші де дәл солай істеді. Ол: «Мырзам, сіз маған екі ат басындай күміс беріп едіңіз. Міне, солардан тағы екеу пайда түсірдім», — деп есеп берді.

Қожайынның осы екі қызметшіні қалай марапаттағанына назар аударыңыз. Оларға берілген қаражаттың мөлшері бірдей болған жоқ. Өйткені олардың қабілеттері де бірдей емес еді. Біреуіне бес, ал екіншісіне екі ат басындай күміс берілді. Бірақ қожайын екеуіне де: «Жарайсың, жақсы да адал

қызметшім! Шағын істе сенімді болдың, сені үлкен істердің басына қоямын. Енді қуанышты тойыма кел!» — деді. Осы екі қызметшінің ыждағаттылығы өз жемісін берді. Екеуі де өздеріне берілген қаражатты тиімді пайдаланды. Олар тапсырылған істі ыждағаттылықпен орындады. Қожайыны қайтып келгенде, оның ризашылығына бөленді.

НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚ адамның мәңгілік тағдырын анықтауы мүмкін. Бір ат басындай күміс алған қызметші қожайынына жаман көзқараспен қарады. Оның қабілеті аз болғанымен қоймай, өз міндетіне немқұрайдылық танытты. Қожайыны қолына тапсырған қаражатты пайдаланбады. Ол қожайынының алдына басқа қызметшілер сияқты келген жоқ. Керісінше, қожайынын айыптап: «Мырзам, сіздің қатал адам екеніңізді білдім. Өзіңіз екпеген жерден орып, шашпаған жерден жинайсыз. Сондықтан қорқып, күмісіңізді жерге көміп тастаған едім. Мінеки, соныңыз», — деді.

Сонда қожайыны оған қатаң ескерту жасады. Қызметшінің өз сөзін пайдаланып: «Әй, зұлым да жалқау қызметші! Менің екпеген жерден орып, шашпаған жерден жинайтынымды білдің ғой! Сол үшін де күмісімді саудагерлерге қарызға беруің керек болатын. Сонда мен қайтып келгенде өзімдікін өсімімен қайтарып алатын едім», — деді. Бірақ қызметші ештеңе істемеді. Қожайынының қаражатын жерге көміп қойды. Бұған қожайыны ашуланып, одан күмісті алып, он ат басындай күмісі бар қызметшіге беруді бұйырды. «Себебі кімде бар болса, соған тағы беріліп, молая түседі. Ал кімде жоқ болса, оның өзімде бар дегені де одан алынып қойылады».

Немқұрайдылық — өте қауіпті қасиет. Иса қожайынның немқұрайды қызметшіні сырттағы қара түнекке лақтыруды бұйырғанын айтты. Сол жерде ол зар еңіреп жылап, қинала тістенетін болады. Қымбатты досым, немқұрайдылықтан аулақ болуымыз керек. Жаратқан Иенің сотына ұшырамау үшін тапсырылған міндетке немқұрайды қарамауымыз қажет. Құдай әрқайсымызға белгілі бір қабілет берді. Біз сол қабілеттерді орнымен пайдаланып, одан әрі жетілдіруге ұмтылуымыз керек. Құдайға ыждағаттылықпен қызмет етейік. Сонда Жаратқан Иеден сый алып, Оның: «Жарайсың, жақсы да адал қызметшім!» — деген сөздерін ести алатынымызға сенімді боламыз.